



ОҚЫС ОҚИҒА

Таңертең жылы төсектен тұрып, кешкілік жұмыстан шаршап үйге оралғанда бала-шағаның алдыңнан жүгіріп шыққанын көрудің өзі бір бақыт. Өз үйің болмаса да, әйтеуір паналайтын жерге жадыраңқы күңіл-күймен оралғанға ештеңе жетпейді. Алматының Алатау ауданындағы жекеменшік жатақханада тұратын 20 отбасының күнделікті өмірі дәл осылай жалғасып жатқан. Бірақ «кешкілік үйге оралғанда далада қаламыз» деген ой ешкімнің басына кіріп шықпағаны анық. Қырсыққанда қызыл жалын жанын өзер бағып жүрген жұртты баспанасыз қалдырды.



ЖАТАҚХАНАДА ЖҮР ЕДІ...

Өрт кешкі сағат 6-да жатақхананың шатырынан шыққан. Күннің ыстығынан болар жалын демде өршіп, қарапайым тұрғындардың қолдарынан ештеңе келмеген. Баспананы қалай өрт шалғанын, жанұшыра жүргірген аналардың, жылаған балалардың дауысын естігендер дел-сал күй кешіп қалған. Тілсіз жау әп-сәтте 270 шаршы метр аумақты шарпып, екінші қабат тұтастай жанып кетті. Түтінге тұншыққан тұрғындар адам шығыны болмағанына тәубе етіп отыр. Қас пен көздің арасында бар дүние-мүлкінен айырылып қалған ағайын, тіпті құжаттарын қолына ұстап шығуға да үлгермегенін айтады. Жергілікті әкімдік қызметкерлері тұрғындарды амалсыздан мектептің спортзалына орналастырыпты. Мұның өзі уақытша баспана. КТК телеарнасына берген сұхбатында тілсіз жаудан түгі қалмаған жатақхананың қожайыны әр отбасының шығынын шамасы жеткенше төлеп беретінін айтқан.

Өкінішке қарай, алапат өрттің салдарынан 20 отбасы кімнен көмек сұрарын, алдағы күндері қалай

боларын білмейді. Ашынған жұрт өрт сөндірушілердің жақын жерде орналасса да, 40 минутта әрең жеткеніне шағымданады. Тілсіз жау жалмаған жатақхананың бір бөлмесін жалдап тұрып келген Айша Дәуіт: «Өрт өндірушілер тым болмаса, 20 минут ерте келгенде мұндай шығын болмас еді. Олар үйге жақын маңда орналасқан. Бірақ құтқарушылар басқа жактан келді. Көліктерінде су да жоқ. Жұмыстарына неге немқұрайды қарайды? Ал біз дүние-мүлкіті несиеге алдық. Бәрінің бала-шағасы бар. Жандары ашымайды. Өрттің өзін жарты сағатта әрең сөндірілді», — дейді.

Ал арнаулы қызмет мамандары қызыл жалынды сөндіруге бірнеше газ баллонынан шыққан ақау бөгет болғанын айтады. Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Азамат Байгеловтің айтуынша, оқиға орнынан 63 адам қауіпсіз жерге көшірілген. Оның 30-ы бала. Алты газ баллоны сыртқа шығарылған. Болжам бойынша, өрттің шығуына электр желілерінің тұйықталуы себеп болыпты.

Бірінші қабаттың тұрғындары оттан аман қалған заттарын сыртқа шығарып, дүниелерін түгендеп жатыр. Жатақхана қожайыны Гүлбахра Есенова: «Ең бастысы, адам аман. Түнде өртенбегеніне шүкіршілік айтып отырмыз. Мүмкіндігімізге қарай тұрғындарға көмектесеміз», — деді журналистерге берген сұхбатында.

Тұрғындардың айтуынша, жалынға оранған жатақханаға әкімдік өкілдері де келіпті. Халықты тамақтандырып, мектептің спортзалына уақытша паналатқан. Әжет шағын ауданының әкімі Дәлелхан Сұлтанов тұрғындардың құжатын жасап беретін айтты. Қазір сараптама тағайындалып, өрттің неден шыққаны анықталуда. Алматының шет аудандарында сапасы сын көтермейтін мұндай жекеменшік жатақхана көп. Ақша үшін аядай жерге екі-үш қабатты құжыра салып, оны ай сайын пәлен ақшаға беріп отырғандар алдымен адам өмірін де ойлағаны абзал!

Сымбат ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ,
Алматы

КӨКЕЙКЕСТІ



Қазір осы параны алудың алуантүрлі амалы пайда болған. Тіпті ауызбастыртқыға мал алатындар бар. Мәселен, Ақмола облысы Зеренді ауданының бұрынғы әкімі мен оның екі орынбасары пара үшін мал алып сотталды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, сотталған шенеуніктер жеке компания басшысынан жер телімін жалға алу мерзімін ұзарту үшін және басқа біреудің жеріне егін еккеніне көз жұма қараған. Осы «енбектеріне» 3 млн теңге сомасында — жалпы құны 1,5 млн теңгені құрайтын пара алады. Пара болғанда ақша емес, 2 жылқы, 3 ірі қара алыпты.

Осы аптада Зеренді аудандық сотының үкімімен М.Мұстафин 3 жылға, Ә.Мұқашев 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылды. Ал Жақыпов 4 млн теңге көлемінде айыппұл төлейтін болды. Сотталғандар өмірбойы мемлекеттік қызмет істей алмайды.

Жарас ШӨКЕ

ПАРАДА ДА ПАРА БАР...

Жегіқұрт дегенді білетін шығарсыздар. Түскен жерін кеміріп жеп, ойып тастайды. Біздің қоғамды дәл осы жегіқұрт сияқты кеміріп жатқан бір дерт бар. Оны біреуіміз пара, біреуіміз ауызбастыртқы деп жүрміз. Анығы құлқынды жатабын қызыл ақшаның көмескі аты ғана.

АШЫҒЫН АЙТҚАНДА

Жаңа технологияның жетістіктерін қазақ тілінің даму үрдісіне бейімдеу қажет. Айталық мемлекеттік тілде сауатты жазуға мүмкіндік беретін, емле ережесіне қатысты қателерді іздеп табатын компьютерлік бағдарлама, дауыс таспасын (аудио) мәтінге айналдыратын арнайы дыбыстық конвертер де аядай керек. Осындай өткір мәселелерді көтерген Мәжіліс депутаты Дархан Мыңбай Үкіметке сауал жолдады. Мемлекеттік тілге қатысты өзекті мәселені жұртшылық та біле жүрсін деген ниетпен депутат сауалының мәтінін толық жариялағанды жөн көрдік.



Дархан Мыңбай, Мәжіліс депутаты:

КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМА ҚАЖЕТ!

Парламент парламент болғалы, қос палатасымен канат жайғалы мемлекеттік тілге байланысты депутаттық сауалдар аз болмағаны жұртшылыққа мәлім. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы, бірнеше мемлекеттік бағдарламалар да қабылданып, жүзеге асырылып келеді. Қызыл кеңірдек болып айтысқан заман да келмесе кетті, оған мын шүкір десе болады. Ендігі жерде мемлекеттік тіл бойынша сөздің емес, нақты да тыңғылықты істердің кезегі келгені ақиқат.

Тәуелсіздік тарихымызда мемлекеттік тілге қатысты заңның қабылдануына алғаш рет мұрындық болған, БҰҰ төрінен тұнғыш рет ана тілімізде сөз сөйлеген Елбасы әр кезде тілді әсіресеясап құралына айналдырғысы келгендерді жүйесімен тыйғанын талай рет көзбен көрдік. Алайда тіл мәселесін үйлестірумен шұғылданатын жалғыз өкілетті мемлекеттік орган — мәдениет және спорт министрлігіне қарасты құрылымының атауы «Тіл комитеті» емес «Тіл саясаты комитеті» болуы — Елбасы ұстанымына кереғар емес пе? Ұлтты және этностарды ұйытатын құрылымға «саясат» сөзін қосудағы мақсат не, қағидат қайсы? «Саясатты» бадырайтып жазу қаншалықты маңызды? Әлде мемлекеттік тіл тек саясаттан басталып, саясатпен өріле ме?

Мұндай ерсі қосымша атау Мәңгілік ел мұратына сәйкес келмейді. Егер жауапты орындар «саясат атауы ұлттың, тілдің тасын өрге домалатады» деп тапса, онда барлық сала атауына осы сөзді қосуға не кедергі? Жок, біз бұлай рухани жаңғыра алмаймыз.

Құрылымның атын байыптадық, енді затына зейін салайық. Осы ретте көкейкесті мәселенің бірі — мемлекеттік тілді цифрлық технологияға көшіру жайы. Нақтырақ айтсақ, күн тәртібіндегі мәнді істер — аса қажетті компьютерлік бірыңғай бағдарламаларды әзірлеу және оларды бүкіл еліміз бойынша жаппай, ақысыз тарату жағын ойластыру.

Біріншісі — мемлекеттік тілде сауатты жазуға мүмкіндік беретін, емле ережесіне қатысты қателерді іздеп табатын компьютерлік бағдарлама.

Екіншісі — дауыс таспасын (аудио) мәтінге айналдыратын арнайы дыбыстық конвертер. Мұндай онтайлы әрі тиімді тәсіл көптеген елдерде бұрыннан қолданылып келеді. Оның аударма үшін де артықшылығы мол.

(Жалғасы 3-бетте)

АЛҒЫС АЙТУҒА ТАҒЫ БІР СЕБЕП

2019 ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҮНДІСТАНДАҒЫ ҮЗДІК ӘУЕКОМПАНИЯСЫ

air astana

Сертификат № KZ 01/032 11.04.2019

МУНАЙ (brent) **63,40**

DOLLAR **382.38**

EURO **428,30**

РУБЛЬ **5,97**

БИЛІК

Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлынан мол мұра мен аталы сөздер қалды. «Отан үшін отқа түс – күймейсің», – деген бір сөзінде. Осы қағиданың қазақ үшін қаншалықты қымбат екенін сөзбен айтып жеткізе алмайсыз. Шын мәнінде, рухы мықты елдің мақсатына жететіні анық. Бұл тұрғыда әңгіме қозғағанда, қазіргі жастардың бойына қуат бітіріп, ел қорғауға дайын тұратындай мінез қалыптастыруына әрдайым қолдау қажет-ақ. Дәл осындай абыройлы міндетті Мемлекет басшысы бірінші кезекте қолға алып отыр.



ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Қазақстан Президенті — Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының V «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуына қатысуы ұмытылмас оқиға болды. Қарағанды облысындағы «Спаск» оқу-жаттығу орталығына келген Қасым-Жомарт Тоқаев әскери-патриоттық жиынға қатысушыларды құттықтап, өткізіліп отырған іс-шараның маңызына ерекше тоқталып, бұл жиын еліміздегі ең сенімді, жауапты, отаншыл әрі батыл жастардың басын қосып отырғанын айтты.

Президент: «Біз Тәуелсіз еліміздің лайықты жастарына зор үміт артамыз. Дәстүрге айналған «Айбын» әскери-патриоттық жиыны Отанымыздың қорғаушысы болуға шақырылған жастар үшін бірегей алаң болып саналады», — деді.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан жастарды қолдауға және олардың әлеуеттерін жүзеге асыруына жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінетінін атап өтіп, игілікті шара жастар дамуының символы және жарқын болашаққа деген үміттің көрінісі екеніне назар аударды.

Игілікті шараның «Жастар жылында» атап өтіліп отырғаны есте қаларлық. Өйткені жастар ел өміріне белсенді араласып, азаматтық қоғамның дамуына және елімізді табысты жаңғыртуға септігін тигізуде. Жастардың бойында отаншылдық рухты қалыптастырып,

тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлінуде. «Жас сарбаз» республикалық балалар мен жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысының құрылуы осы сөзімізге дәлел. Ұйымның бөлімшелері барлық өңірде жасакталып, жемісті жұмыс істеп келеді. «Жас сарбаздың» әскери-патриоттық клубтары мен сыныптарының саны 6 мыңға жетті. Оның құрамында 174 мыңнан астам бала бар.

Мемлекет басшысы жастарды әрқашан барлық азаматтарымызды біріктіретін ортақ құндылықтарға — жасампаз еңбекке, бейбітшілік пен келісімге, халықтың бірлігіне, Отанға деген мақтаныш сезімге және оның ұлы тағдырына алаңдаушылық білдіруге шақырды. Президент: «Мен батыл ұрпақ өсіп келе жатқанын көріп тұрмын. Сіздер заманауи Қазақстанның биік мұраттары негізінде тәрбие алдыңыздар. Өздеріңіздің білімдеріңізбен және қажырлы еңбектеріңізбен Отанымыздың — Мәңгілік еліміздің даңқын шығарасыздар. Сіздердің тәуелсіздік құндылықтарын дөріптейтіндеріңізге, ел жетістіктерінің табысты эстафетасын абыроймен алып жүруді жалғастыратындарыңызға сенемін», — деді.

Жоғарғы Бас қолбасшы әр адамның өміріне қажетті қасиеттер туралы да айтты. Ең алдымен, парасаттылық, білім, кәсібилік пен Отанға деген адалдық қажет. Президент: «Сіздерде

күш, энергия мен шығармашылық әлеуеті зор. Осының бәрін өмірдегі басты мақсаттарыңызға қол жеткізуге жұмсаңыздар. Еліміз әрқайсыңыздың табысты болғандарыңызға мүдделі. Себебі сіздердің жетістіктеріңізден тұтас елдің жетістігі қалыптасады. Сіздердің ой-мақсаттарыңыздың жүзеге асуына шын жүректен тілекшімін», — дей келіп, «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынына қатысушыларға сәттілік тіледі. Осы салтанатқа Маңғыстау облысынан қатысқан С.Шапағатов

атындағы орта мектептің оқушысы Ернар Сейтек: «Менің қатарластарым, сыныптастарым «Айбын» әскери патриоттық жиынына қатысу үшін барын салуда. Біз — Отанымыздың патриотымыз. Ержеткен соң жаңа көз алдымызда өнерін көрсеткен ағаларымыз тәрзді жетістіктерге жетіп, еліміздің қажетіне жарауды армандаймыз. «Айбынға» маңғыстаулық команда жоғары дайындықпен келді. Өз басым бел темірге 25 рет тартылып, 4 мың метрлік қашықтықты 20 минутта жүгіріп өтіп, команدامның жеңіске жетуіне үлес қосамын деп ойлаймын», — дейді. Ал Жамбыл жоғары политехникалық колледжінің оқушысы Талшын Байтұрыкова: «Айбынға» қатысуға ниет білдірген оқушылар арасында іріктеу қатан өтті. Бала күнімнен әскери киім кигендерге қызыға қарап, олардың темірдей тәртіптеріне тәнті болатынмын. Міне, сәті түсіп нағыз әскерилердің ортасына тап болдым, — деді.

«Айбын» байрағын көтеру рәсімінен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев 2050 жылдың «Жас сарбаз» қозғалысына қатысушыларға арналған «Уақыт қапсуласын» қалауға қатысты. Сондай-ақ қару-жарақ түрлері, құрлық әскерлері мен әуе қорғаныс күштері техникаларының мүмкіндіктері таныстырылды.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Әлеумет.т⁰



ЕҢБЕГІҢ ЕЛЕНСІН!

Бала күнінде кімнің полицей болғысы келмеді дейсін. Бәріміздің армандағанымыз рас. Әсіресе, кинофильмдерден қандықол қылмыскерлермен алысып жүріп жеңіске жететін, халықты өлім мен өмір арасынан құтқарып қалатын ержүрек сакшыларды көргенде, біздің де кеудемізде бір полицей бұлқынып қалатын. Өсе келе осы бір кіршіксіз арманға жұп-жұқа тозан жұққандай болды. Қоғамда полицейлер туралы кереғар пікір қалыптасты. Содан ба, әлде басқа себеп болды ма, әйтеуір сакшы болып сап түзейміз деген балалық таңдауымыз бір сәтте кілт өзгерген. Бірақ қалай айтсақ та, ел мен жердің тыныштығын күзетіп, бұл еңбегін бұлданбайтын полицейлердің маңдай терін ешкім жокқа шығармайды.

Қайсы күні Астанадағы заңсыз митингі кезінде жүректі жылытқан бір оқиға болды. Газетіміздің өткен санында мұздай қаруланған арнайы жасақ қызметкері бүлдіршін қыздың қолынан гүл алып тұрған сәті бейнеленген фотосуретті жарияладық. Сауыт-сайман киген, сырттай қараған кісіге суық та, сұсты көрінетін полицейдің сәби қолынан елжіреп тұрып гүл алуы ет пен сүйектен жаралған пендені ерітіп-ақ жіберетіндей еді. Тіпті темір киіп тепсініп, қару асынып қасқайып, сұрланып тұрған сакшылардың зңі періште алдында дәрменсіз күйле қалған.

Шындығында, бұл дәрменсіздік емес. Бұл адам табиғатына тән жылылық. Кісілік қасиет. Қандай қиын жағдай болса да, өз халқын өзекке тебе алмайтын ерекше сезім. Ондай сезімді бейнелеуге қалам қуаты да жетпеуі мүмкін! Бірақ сол митингіден соң сакшы біткенді сайқымазаққа айналдырған фотосурет, әлеуметтік желіде әртүрлі алып-қашпа әңгіме қаптап кетті. Полицейдің бет-беделін түсіріп, абыройын төгу арнайы, тіпті қолдан жасалды. Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, сол күндері 300 полицей әртүрлі дене жарақатын алған.

Тағы да сол митинг. Көшенің бір жағында — қарулы жасақ, екінші жағында — халық. Сап түзеп тұрған сакшылардың арасынан біреу айғай салады:

- Әй, Сека!
- Ау, аға!
- Қайт үйге!

Осы шоп-шолак тілдесудің өзі аға мен бауыр арасындағы бауырмалдықтың, жанашырлықтың айнасындай әсер қалдырды бөрімізге. Жасыратыны жок, кім ағасын не бауырын жамандыққа қисын? Кім өзінің туған інісіне, өз халқына қол көтерсін?! Аға мен бауыр, батыр мен халық арасындағы сүйіспеншілікті кейде осындай ереуілдер де, әскери бұйрық та бұза алмайды. Бұл — ақиқат.

Бала күнімізде көбіміз полицей болғымыз келді дедік қой. Сол сезім кейбір жігіттердің жүрегінде полицейлердің қайырымды, үлкенге де, кішіге де көмектесіп тұратын елгезектігімен сінген арман. Ол туралы мысал көп...

Бұрын әскерге кеткен ұлдан абыройлы, әскерден қайтқан азаматты күтіп алудан әсерлі сәт жок-ты. Тіпті қыздар үшін қиырдағы әскер қатарында жүрген ғашығына хат жазудан, сарғайып хат алудан артық сағыныш болмады. Әскерге бармау қылмыс саналған сол кезеңдерде полиция деген көзқарас басқаша еді. Ықылас та ерек болатын. Осының бөрі полицияның жауапкершілігі күшті, нағыз ер-азаматқа тән қызмет екенінің тағы бір айғағы.

Шетелдерде де сакшылар періште алдында қауқарсыз. Бірақ оларда полицейге қол көтеруге болмайды. Ондай жағдайда сакшының қару пайдалануға хақысы бар. Тіпті сарбазға тіл тигізіп, бір тал шашын түсірсеңіз, өміріңіз қиындап кетеді. Ал біз полицией бұйрықты ғана орындайтын «робот» деген түсініктен ада болуымыз керек! Санамызда қатып-семіп қалған қасаң ойдан арылғанымыз абзал! Олар да адам, олар да әке, олар да ет жүректі пенде. Полицейлер де күле алады, жылай да алады. Қиын-қыстау шақта өз халқын оқ пен оттан қорғай алады. Отан үшін басын бәйгеге тіге алады. Басыңызға іс түскенде, біреу алдап-арбап кетсе, ұрылардан зарлап шексеңіз, тәртіп сакшысын іздейтінііз рас. Олар өз міндетін орындауға тәулік бойы тастүйін дайын тұрады. Қысқасы, сакшы сайқымзақ емес. Полицейдің еңбегін елеп, жағымды бейнесін қалыптастыратын уақыт жетті. Ойланып көріңізші...

Жарас КЕМЕЛЖАН

Сөз-Жебе

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Біздің мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың ақшаны оңды-солды шашып жатқанын байқауға болады. Араны ашылған шенеуніктердің мәселесін талай рет көтердік. Мемлекет ақшасына зәулім үй, қымбат автокөлік, тіпті эбен ағашынан жасалған бағалы жиһазға дейін сатып алған кейбір бастықтар бар. Осымен доғарарсыздар, мүмкін? Шалқып өмір сүргілеріңіз келсе, бизнеске барып, ақша табыңыздар. Ал мемлекеттік қызметкер халық ақшасының әр тиынын үнемдеуі қажет».

Ал ендеше!

Қанат СҮЛЕЙМЕНОВ,
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет төргеу басқармасының басшысы:

«2016 жылдан бастап 2019 жылдың мамыр айына дейін 69 жемқорлық дерегін тіркеді. Мемлекетке келген залал – 1,8 млрд теңге. 32 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 24-і сотталды. Талдау көрсеткендей, қылмыстың жартысынан астамын лауазымды тұлғалар мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша орындалған жұмыстар актілеріне жалған қол қою арқылы жасайды. Көбінесе бюджет қаражатын ұрлау (25), пара алу (14) және өкілеттікті асыра пайдалану (13) фактілері тіркеледі».



Меруерт ҚАЗБЕКОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Қызметкерлері миллиондап жалақы алатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы дөлдалдық компанияларды жою керек. Кез келген қосымша басқару тұтынушылардың қалтасына салмақ түсіреді. Өйткені тұтынушылар тек монополистерді ғана емес, сонымен қатар ешқандай қызмет көрсетпесе де, сол компания басшылары мен қызметкерлерін асырап отыр. Дөлдал компаниялардың бірінші басшысының айлығы – 1,5 млн теңге. Оның төрт орынбасары – әрқайсысы 1 330 000 теңгеден алады. Осы өндірістегі жалақы қоры жылына 600 млн теңгені құрайды. Оған кеңсе, қызметтік көлік, жиһаз, кеңсе техникасын қосыңыз. Бұл қарапайым адамдардан жасырын жиналған миллиардтар.



Аптаның айтары

Қызықтан
қызықтары

КӨЗДІ
ҚЫЗЫҚТЫРЫПТЫ...



Орал қаласында қоқыс жәшіктерін ұрлау әдетке айналыпты. Бұл жолы контейнерлердің қолды болғаны туралы Құрманғазы көшесіндегі №194 және 196 үйдің тұрғындары шағымданған. Жұрт қолындағы қоқыс толы пакеттерді көрінген жерге тастай бергелі дау да көбейді.

Бұл оқиғаға қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясының өкілдері жаға ұстаған. moigorod.kz жазғандай, осындай оқиға бұрын да болыпты. Сол жолы 13 қоқыс жәшігін ұрлаған екі аула сыпырушы ұсталып, тиісті жазасын алған. Ал бұл жолы контейнерге кімнің көзі түскені белгісіз...

Ашық әңгіме

Қазақстан Президенті қызметіне кірісу рәсімінде айтқан сөзінде билік пен қоғам арасындағы диалогтың әрбүі азаматтарды қатты толғандыратындығын айтты. Іле-шала ел ішіндегі қоғамдық-саяси жағдайларға дер кезінде назар аударып отыру үшін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы Жарлыққа қол қойды. Сонда бұл Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі немен айналысады?

Қажеттілік неден туындады? Осы сұрақтарды ұлт жанашыры, қазақ күресі федерациясының президенті Арман Шораевқа қойдық.

Jas qazaq: Арман мырза, пікірлеріңізге қарағанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы идеяны қолдап отырған сияқтысыз?

А.Шораев: Әрине. Өйткені Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру дәл қазіргі жағдайда бізге өте қажет деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ, қазір біздің елде, қоғамда қалыптасқан күрделі мәселелер көп.



КЕҢЕСЕ ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

Тіпті шешімін таппай жатқандары қаншама?! Егер осы түйткілдерді шешпей жүре берсек, соны тығырыққа алып баруы мүмкін. Осындай жағдайда бізге оң шешімін табатын жол керек. Ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі болады деп ойлаймын. Бірақ әзірге маған бұл түсініксіздеу болып тұр. Алайда пікір алмасатын, халық пен билік арасында әңгіме-диалог болатын алаң керек. Сондай алаң бізде жоқ. Бірақ парламент заң шеңберінен шыға алмай келеді. Сондықтан, қоғам өз пікірін айтып, тиісті талаптарын қоя алатын осындай бір кеңес құру жөніндегі шешімін дұрыс деп ойлаймын.

Жемқорлықтың белен алып кеткені баршаға аян. Әрине, шенеуніктер мен әкім-қараларға әй дейтін әже, қой дейтін кожа болмаса, паракорлық асқынады. Сондықтан, біздің билікке өзгеріс, реформа керек. Соның ішінде дәл қазір саяси реформа қажет. Менінше,

парламент сайлауы өтуі керек. Оған бір партия емес, бірнеше партия өкілдері кіруі қажет. Тіпті қуыршақ оппозиция өкілдері емес, шынайы оппозицияның адамдары болғаны дұрыс. Біз оппозиция деп кеудесінен итеріп жүргендер жау емес, олар да қазақтың жігіттері. Елге жақсылық жасайық деп жүрген азаматтар. Ең бастысы — толғағы жеткен қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді шешу үшін билік пен халық арасында әңгіме-диалог қажет.

Jas qazaq: Сонда бұл Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі тығырықтан шығу үшін ғана уақытша құрылатын бейресми ұйым бола ма?

А.Шораев: Иә, бұл Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі уақытша жиналатын құрылтай деп есептеуге болады. Кеңестің құрамына оппозиция да, жастар да, қоғам белсенділері де болуы тиіс. Кеңестің қызметі қоғамдағы түйткілді мәселелерді биліктің назарына ұсынып, шешімін айтып, халықтың көңіл- күйін

жол, ақылды кеңес, ақылды диалог қажет.

Қазақ — тумысынан ақылды халық. Дәл қазір ешқайсымыз Тәуелсіздіктен айырылып қалғымыз келмейді. Ұрыс, соғыс ешкімге керек емес. Тарихқа қарасаңыз, қазақ сөзге тоқтаған халық. Хан алдында бағыры да, биі де, қарашасы да дат айтып, әділдік сұраған елміз. Тегімізде тексіздік жоқ. Сондықтан халық пен билік бірін-бірі тыңдайтын уақыт жетті. Егер осы жолы бетімізбен кетер болсақ, соңында елдігімізге қауіп төнбей ме?

Ең бастысы, бұл кеңесте қазақша білетін, қазақша ойлайтын, қазақтың ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, қазақ тілді ортаның беткеұстар азаматтары болғаны дұрыс. Білген адамға «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дегендей, әңгіменің ақиқатын айтып отырымын.

**Сұхбаттасқан
Жарас КЕМЕЛЖАН**

Сарапшы пікірі

Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттік қызметіне ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде болашаққа бағдар болатын он бағытты ерекше атап өтті. Оның бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты. Осы орайда Мемлекет басшысы: «Бірінші қыркүйекке дейін жемқорлықтың деңгейін мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар топтамасы дайындалады. Жемқорлық — мемлекеттің дамуын төжейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргіземіз», — деп атап көрсетті.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұзақ жылдан бері жүріп келеді. Ол қоғамның дамуына кедергі



БАСЫМ БАҒЫТ

болатын құбылыс. Демек, бізге әділ басшылар көбірек керек. Бір ғана мысал. Күні кеше республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Есеп комитетінің қорытындысында былтыр тәртіптік жауапқа 224 қызметкер тартылғаны айтылды. Оның 9 пайызы басшылар.

Менің ойымша, арнайы база жасалуы керек. Қандай көлемде болса да пара алып ұсталғандардың тізімі сонда тұруы тиіс. Осы арқылы арада бірнеше жыл өткенде лауазымды қызметке қайта оралғысы келетіндерге тыйым салу керек. Алаканы қышыған ағайынның көңіліне келсе де айтайын, біреуден бір тиын болса да жымқырып қалуды жөн көргендер «қара тізімге» енгізіліп, өмір бойына кез келген қызметтің маңайына жолатпау керек.

Екіншіден, қызметке тағайындалатын азаматтың жеке басына барынша терең талдау жасалуы қажет. Сол себепті Президенттің «Мемлекет органдардың басшылары қол астындағы қызметкері жемқорлық бабымен кінәлі деп танылса, отставкаға кетуі керек» деген пікірін толық қолдаймын. Ең онай әрі тиімді тәсіл — осы.

Күні кеше Мәжіліс депутаттары мемлекеттік орган басшыларына қол астындағы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жауапкершілік жүктейтін заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Сенат қарауына жіберді. Бұл туралы түсініктеме берген Мәжілістің халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Михаил Чирков енгізілген

түзетулер қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған жағдайда олардың бірінші басшыларының жеке тәртібін, жауапкершілігін арттыруға бағытталғанын айтты.

Осы жерде Мемлекет басшысының жемқорлыққа қарсы реформалар топтамасын «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасымен сабақтастыру керектігін де айтқанымыз дұрыс. Мәселен, Эстония, Грузияда делдалдардың жоғалуы жемқорлықты жоюға септігін тигізген. Сонымен бірге Қытай, Сингапур, Тайланд секілді елдердің тәжірибесін үйренгеннен де ұтылмаймыз.

Есберген АЛАУХАНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
Астана

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



www.jasqazaq.kz


Ой салар

Дархан МЫҢБАЙ, Мәжіліс депутаты:

КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМА ҚАЖЕТ!

(Басы 1-бетте)

Бүгінгі мемлекеттік тіл үшін ауадай қажет осы екі бағдарлама да қазақ тілінің қолданбалы-практикалық даму белесін анықтайды. Бұл — сөзден іске көшудің нақты жолы деп білеміз. Мұндай бағдарламалар мемлекеттік тілде сөйлеуді ғана емес, жазуды да тезірек үйретеді. Сонымен бірге іскерлік сөздік қорын түзуге, оны пайдалануға кең мүмкіндік туғызар еді. Елбасының сөзімен айтсақ, «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз керек». Бұған қоса, мемлекеттік тіл бойынша ілеспе (синхронды) аударманың мемлекеттік стандарттарын бекітіп, осы саланың мамандарын даярлайтын еліміздегі жоғары оқу орындарын тиісті аттестациялаудан өткізу маңызды деп есептейміз.



Жалпы айтқанда, мемлекеттік тілге қатысты кез келген жаңа жобаларды барлық бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жан-жақты жарнамалап, насихаттауды міндеттеу де баршаға ортақ, кезек күттірмейтін іс. Бұл қаражатты қажет етпейді, мемлекеттік тілге деген ақ ниет пен оң көзқарастың өзі жеткілікті.

1925-1927 жылдары Халық ағарту министрі болған көрнекті қайраткер Смағұл Сәдуақасұлы: «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ету — билік басындағы бір-екі төренің емес, әрбір қазақтың намысына байлаулы іс» деген екен. Осы сөздің астарын терең ұғынсақ, қазір мемлекеттік тіл үшін жауапкершілікті тек мемлекетке емес, әр отбасының, әрбір Қазақстан азаматының мойнына жүктеудің артықтығы жоқ деп ойлаймыз. Бұл міндетті шешуде азаматтық қоғам институттары белсенділік танытуға тиіс. Яғни түрлі отбасылық, қоғамдық жобаларға, бірлескен форумдарға, тіл тазалығын сақтау шараларына және әлеуметтік сауалнамаларға тиісті гранттар қарастыруға болады.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның» орындалу мерзімі де аяқталып келеді. Оны ұзарту немесе жаңасын әзірлеу барысында бұған дейінгі бағдарламаға енген бірқатар науқандық немесе бір реттік шаралар мен түрлі байқаулардан арылып, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға сәйкес келетін және халықты көп қамтитын онлайн-семинарлар, тренингтер өткізуді, қашықтықтан оқыту жүйелерін жолға қойса, құба-құп болар еді. Сонымен бірге күн билік орындарынан тәртібінде тұрған латын әліпбиіне көшудің тиімді шараларын, электрондық БАҚ-ты, әсіресе балаларға арналған хабарлар мен баспа өнімдерін барынша көбейтуді, соңғы кезде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында қолға алынған аударма саласын одан әрі байыту мен жүйелеуді, тіл тазалығын сақтауға қатысты нақты, тиімді тетіктерді енгізуді сұраймыз.

Фотошок



**Ақмола облысы
Целиноград ауданына
қарасты Родина ауылының
маңында АН-2 ұшағы
құлады.
1 ұшқыш қаза тауып,
2 адам жараланды.**



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Өңірге рең берген

Елбасы халыққа арнаған Жолдауында өңірлерді дамытудың көкейкесті тұстарына, жаңа бағыт туралы кеңінен тоқталды. Жолдауда: «Инфрақұрылым – адамдарға» моделінен «адамдар – инфрақұрылымға» моделіне бірте-бірте көшу қажет. Бұл елді мекендерді ірілендіру ісін ынталандырып, бөлінетін қаражатты пайдалану тиімділігін арттыратын болады. Әрбір өңір мен ірі қала бәсекеге қабілеттіліктің қолда бар басымдықтарын ескеріп, өзіндік орнықты экономикалық өсу және жұмыспен қамту моделіне сүйене отырып, дамуға тиіс. Осыған орай, тірек саналатын ауылдардан бастап республикалық маңызы бар қалаларға дейінгі түрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу керек. Бұл стандарт әлеуметтік игілік пен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізімі мен қолжетімділігінің, көлік, мәдени-спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілудің нақты көрсеткіштерін және басқа да мәселелерді қамтуға тиіс», – делінген.

ШЫҒЫС ҚАҚПАНЫҢ ШЫРАЙЫ

Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысындағы шекаралық өңірлерді дамыту, оның тиімділігін пайдалану, мүмкіндіктер негізінде ел кірісін арттырудың маңызы жоғары. Айта кетсек, бұл тапсырма «Қорғас-Шығыс қақпасы» алабында ерекше қарқынмен жүзеге асырылуда.

Бүгінде еліміздің Қытаймен шекарасындағы көлік-логистикалық кешенінің дамуы және сауда ынтымақтастығын іске асыру барысы сөз жүйесін тапты. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» ауқымды жобасының бір бөлігі «Нұр жолы» өткізу пункті мен «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) және «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығы» секілді басқа да нысандарда жұмыс қарқынды.

«Нұр жолы» өткізу бекеті былтыр қолданысқа берілген. Нысан күніне 2500 жүк көлігін өткізе алады. 25 гектар аумақтағы кеденде көліктің екі тарапқа қауіпсіз кіріп-шығуын бақылайтын 8 жолақ орналасқан. Ол осындағы кептелісті жойып, жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Айталық, халықаралық өткел қызметкерлері кеден пункті пайдалануға берілген 6 айда 30 мың жүк көлігін және 40 мыңнан астам жолаушы тасымалдаған 3 мыңға жуық автобусты рәсімдеп, сол қызметтен ел қоржынына 7 миллиард теңгеден астам қаржы әкелген.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы «KIF Warehouses» серіктестігінің құрғақ жүк сақтайтын қоймаларының құрылысы да жұмыс істей бастады. Біріккен Араб Әмірліктерімен

негіз болмақ. Сол қатарда сауда кешендері, әлемдік стандартқа сай цирк, қонақүй, емдеу орталығы сынды халыққа қажетті нысандар бой көтермек. Орталықтағы жаңашылдық бұл ғана емес. «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы жүктерді буып-түйіп, діндеген жеріне жөнелтумен айналысатын жүк терминалы да сауда көрігін қыздыра түсті. Нысанның мүмкіндігі туралы «Kazakhstan Technology Solutions Ltd» компаниясының директоры Нұрлан Жайлаубаев: «Жүк терминалы жұмысын өткен жылдың мамыр айынан бастады. Қытай тарапында 6 жүк қабылдау пункті бар. Сол жерде



қабылданған тауар жүк терминалы арқылы осы жерге жеткізіледі. Екі аралықта адам тасымалдайтын 3 жеңіл көлік, жүк таситын 26 автобус және басқа да 17 көлік бар. Бүгінге дейін жүк терминалының құрылысына 556 миллион теңге, көлік және коммуникациялық құрылымына 489 миллион теңге қаражат күйылды», – дейді.

Жақында экономикалық аймақ аумағында Qaz Lumiere сауда орталығы пайдалануға берілген еді. Қазір мұнда 6 жүк өткізу терезесі мен арнайы күту залы ашылған. Бұл туристер мен сауда-саттық жасайтындарға қолайлы, көп жеңілдігі бар. Тіпті жүк өткізу бекетінде екі ортадағы адамдарды тасымалдаудың да түйткілді тұстары шешілген. Шекарадағы сауданы қамтамасыз ету үшін Қорғас өзеніне салынатын селге қарсы қорғаныс



Қазіргі уақытта Қазақстанда 41 шағын қала бар. Олардағы халық саны 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 904,2 мың адамды құрайды. Географиялық орналасу бойынша қалалардың типтерін бөліп көрсетуге болады. Мәселен, шекара маңындағы аумақтарда Жаркент, Үшарал, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шар, Шемонайск, Мамлютка, Булаев кіреді.

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы)

нысандарының да маңызы басым. Көктем мен жазда су тасқыны жиі болатын асау өзен арнасын нықтау жұмысына жалпы 30 миллиард теңге жұмсалатынын «Қазақстан селден қорғау» мекемесінің басшысы Тоқтарбай Баймолдаев айтып берді. «Қазелденқорғау» мекемесінің тапсырыс беруімен өзен жағасындағы құрылыспен «СК-Базис» компаниясы айналысуда. Қазір ұзындығы 6 шақырымға жуық бөгет салынған. Басқыншы ауылы мен «Достық» су арнасына дейінгі 9 шақырымдық жол жасалып, Шүкірбұлақ су қоймасы мен Қазанкөл өзеніне дейінгі 17 шақырым жағалау бекітілген. Оған жұмсалатын қаржы мәселесі

Қытай үкіметімен келісіп, оңтайлы шешіліпті.

Сонымен қатар «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығында отандық инвесторлардың қаржысымен бой көтеріп, пайдалануға берілген бірнеше сауда орны бар. Жалпы құны 1,7 миллиард теңге болатын «Қазломер» сауда орталығынан туристер отандық өнімдердің мол асортиментін табады. Қос қабатты нысанда қазірдің өзінде 40-тан аса дүңгіршек жұмыс істеп тұр. Осы маңға жақын жерден «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мен қаланың теміржолшыларға арналған бірінші шағын ауданында көпқабатты 8 тұрғын үй құрылысы басталды. 2022 жылға дейін 1055 мың шаршы метр тұрғын үй қоры салынып, 50 мың адам қоныстандырылып, болашақта жаңа қаладағы тұрғындар қатары арта бермек. Қазір қаланың бас жобасы бекітіліп, жалпы 416,4 миллион теңгенің келісімшарты жасалды. 86 пәтерлі 2 тұрғын үйдің құрылысын жобалауға жергілікті бюджеттен 34,7 миллион теңге бөлініп, максатты іс аяқталды. Жобалық-сметалық

құжаттар мемлекеттік сараптауға беріліп, ол дайын болды. Бұлардан басқа 7 қабатты, әрқайсысы 60 пәтерлі тағы 4 үйдің құрылысын салуға «Базис» ЖШС алдын ала келісімшарт жасаған.

Қорғас шекарасындағы сауда ісінің өркендеуіне ең алдымен «Алтынкөл» халықаралық теміржол стансасының қосып жатқан үлесі мол. Бекет қызметкерлері тәулік сайын 15 пойызға контейнер тиіп, жөнелтеді. Күн сайын 20 пойыздың жүк тасуға мүмкіндігі бар. Өткен жылы 2482 пойыз немесе 111512 вагон ары-бері өткізілген. Тасымалданған жүктің 377,3 тоннасы Қытайға, 2,3 миллион тоннасы Қазақстанға жүк өткізген. Қазір осы жердегі жұмысты дамыту үшін «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-да «Нүркент» қаласы салынып жатыр.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-дағы «Құрғақ порттың» тиімділігі арта түскен. Өткен жылы мұнда 660 жабық вагон, 570 контейнерге жүк тиеліп, жөнелтілген. Арнайы экономикалық аймақтағы тағы бір үлкен жаналық 10 гектар аумаққа 5,1 миллиард теңгеге «А» санаттағы қойма ғимаратының салынғаны. Оның ішінде 24964 шаршы метр құрғақ, ауа райы өзі реттелетін 14616 қойма салынбақшы.

Қойма құрылысы аяқталғанда жалпы 50 жұмыс орны ашылады.

Тағы бір жағымды жаналық, жуырда Қорғас – қаржы-экономикалық Еуразия форумы өтті. Аталған форум Алматыда басталды. Десе де, негізгі үш күндік жұмысы елдің оңтүстік-шығыс шебіндегі Қорғас өңірінде жалғасты.

Қос құрлықтан келген қаржыгерлер «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асқан халықаралық ірі жобамен танысып, «Құрғақ порттың» жүк өткізу әлеуетіне қызықты. «Алтынкөлдей» халықаралық бекеттің, Нүркенттей теміржолшылар қалашығының сән-салтанатына тамсанды.

Осындай жаналықтарға қанық болған қаржыгерлер «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығының Қытай тарабындағы

сәулеткерлік сәні ерекше «Достық» үйінде негізгі жұмысын бастады. Қаржыгерлердің алғашқы отырысын Қазақстан Банктер қауымдастығының президенті Бакытбек Байсейітов ашып, форум жұмысының негізгі мақсаттарын түсіндірді.

Ол: «Бұл форумның Қорғаста өткізілудегі мақсаты – көптеген Еуразия елдерінің экономикасына қан жүгіртіп,

құретамырға айналған Ұлы Жібек жолының жаңаша жаңғырғанын, оның күн өткен сайын халықаралық байланыста әлеуетінің арта беретінін қаржыгерлерге сезіндіру. Тарихи Жібек жолының бойында заманауи өткелдің пайда болуы «Батыс Еуропа–Батыс Қытай» теміржолы мен авто даңғылының қуатын бағамдады. Оның бұдан әрі дами беруіне халықаралық банктер қауымдастығы қолдау көрсетуі керек. Қазақстан, Ресей, Қытай және тағы басқа елдерде құрылған инвестициялық қорлар осы Қорғас жобасының жүзеге асуына дем беруі тиіс», – деді.

Алғашқы пленарлық отырыста Қытай экономикалық даму аймағы басқармасының төрағасы Сию Синмин, Алматы облысы әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, Ресей өнеркәсіп және кәсіпкерлер одағының атқарушы вице-президенті Александр Мурышев, ТМД қаржы-банк үйлестіру кеңесінің төрағасы Анатолий Казаков, Қазақстан жеке банк төрағасы Икрам Ибрагимов, Рига сауда-өнеркәсіп палатасы басқармасының төрағасы Сергей Федоров сөз сөйлеп, форумның мақсатына байланысты өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ форумға қатысқан бірнеше мемлекет қаржыгерлері мен кәсіпкерлері жеке пікір алмасу жиындарын өткізді. Форум жұмысының қорытындысында басқосуға қатысқан банк өкілдері өзара меморандумға қол қойды.

«Қорғас-Шығыс қақпасы» шекара ынтымақтастығының өркендеуі Панфилов ауданының да өркендеп, өсуіне үлкен серпін берді. Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасовтың айтуынша, өткен жылы аудан тұрғындарының далада өндірілген өнімдердің жалпы құны 38,5 миллиард теңгеге жеткен. Жергілікті атқарушы биліктің ұйымдастыруымен жиналған жүгері дәні түгел дерлік лайықты бағада сатылған. Аудандағы жүгері сұрыптап, кептіретін қырымдарды жөндеуден өткізу, дән кептіретін, сақтайтын орындардың санын көбейту жөніндегі бағдарлы жұмыстарда ілгерілеу түскен. Кәсіпкерлік саласы да өркендеді. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Панфилов аудандық филиалының басшысы Еркін Қарақойшынов: «Ауылдарда ЖШҚ және кәсіпкерлермен кездесулер өтіп, қатысушыларға заң аясында кеңес берілді. Одан бөлек, Еуразия экономикалық одағы Кодексінің күшіне енуіне байланысты «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы АҚ, Панфилов аудандық құқық қорғау қызметтерінің басшылары, кеденшілер өзара ұшжақты меморандумға қол қойды», – деп атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Әсіресе өңірдің аграрлық өнеркәсіп кешенін, жылыжай шаруашылықтарын дамыту шаралары мен кооперативтер құру, сондай-ақ туризм, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік салаларын жандандыруға серпін берді. Мұндай жетістік алдағы уақытта да жетіле түсетін болады.

Жуырда Қасым-Жомарт Тоқаев қызметке кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінің 7-бағытында: «Біздің қағидамыз баршанызға мәлім: Қуатты аймақтар – қуатты Қазақстан. Азаматтарымызды толғандырған нақты мәселелер жергілікті деңгейде шешілуі тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Аймақтағы қордаланған мәселелерді шешуге халық белсене араласатын болады», – деп атап көрсетті. Демек, өңірлерді дамыту ісі жана бағыттармен жетілдіріле бермек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша
меншікті тілші

Әрбір мемлекет ұлтының саулығымен және ауыл-аймақтардың қуаттылығымен мықты. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының басты мақсаты да – еліміздің аймақтарын әлеуметтік, экономикалық тұрғыда дамыту болып отыр.

Қазіргі уақытта елімізде «екінші деңгейдегі» қалаларға облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар 14 қала, жатады. Атырау бағдарламадағы «Екінші деңгейдегі» қалалар сатысына енді. Десе де, Атыраудың тәуелсіздік тарихына дейінгі кезеңде де экономика локомотиві болып келе жатқанын ескерсек, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аймақтың дамуына одан әрі он ықпалын тигізуде.

Атырау үшін көгалдандыру мәселесі өте маңызды. Биыл қаланы көгалдандыру жұмысымен «Каспийдормострой» ЖШС айналысып жатыр. Кемінде бес жылға жасалған келісімге сәйкес, мекеме облыс орталығын көгалдандыру, суару жүйелерін жөндеу, сондай-ақ жалпы ұзындығы 147 шақырым болатын су құбырын салу бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл туралы «Каспийдормострой» ЖШС өкілі Леонид Задерный: «Биылғы жылдың 13-ші сәуірінен бастап жұмысқа кірістік. Бүгінгі күнге дейін саябақтарда, алаңдарда және гүлзарларда шамамен 12 мың шаршы метр жерге бір жылдық гүлдер отырғызылды. Оларды күнтізбе бойынша суару жұмыстары жүргізіліп жатыр. Одан бөлек, екі айда 39 көшені қайта қалпына келтіріп, 16 аймақ пен саябақтардағы ағаштарды ақтап, қураған ағаштардың бұтағын кесіп, 21 гүлзар жасалдық», – дейді.

Бұдан бөлек, мекеме облыс орталығында суару жүйесін қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізуде. Мысалы, әуежай жолындағы тамшылатып суару жүйесі 80% қалпына келтірілді. Сондай-ақ қолданыстағы ескі су сорғыларының сегізін жөнделіп, жоба аясында тағы 7 қосымша сорғы орнатылды. Леонид Задерный: «Қазіргі уақытта Атырау қаласында шамамен



30 шақырым ескі су құбырлары жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың соңына дейін бұл 147 шақырым суармалы су құбырының құрылысын аяқтап, қаладағы суару жүйесін толық бақылауда ұстайтын боламыз», – дейді.

«Каспийдормострой» ЖШС-нің әртүрлі көшеттер, жылдық және көпжылдық гүлдер өсіретін жеке орындары бар екенін атап өту керек. Мұнда бес жыл болған 7 мыңнан астам, үш жыл болған 7 мың және 2 жыл бұрын отырғызылған 10 мыңнан астам ағаш бар.

Мекеме басшысының айтуынша, аймақтың климаттық және топырақ жағдайына бейімделген ағаш түрлері өсіріледі. Негізінен қарағаш, терек, бұтаға көңіл бөлінеді. Сондай-ақ мекеме жылдық өсімдіктерді жеткізушілердің бірі болып табылады. Көгалдандыру саласында тәжірибесі бар мамандар тобын жинақтаған. Алматы қаласындағы көгалдандыру және суару саласындағы мекеме мамандарымен сенімді серіктестік құрылды. Мекеме жүйелі түрде және ұзақ уақыт бойы әртүрлі



көгалдандыру жобаларына қатысып, Атыраудың дендрологиялық жоспарының іске асуын бақылап, тәжірибе жинақтаған.

«Каспийдормострой» ЖШС келесі бес жылға дейін 50 мыңға дейін ағаштарды күтіп, баптайтын болады. Жыл сайын 338 мың гүл және 3,5 мың көшет отырғызады. Сондай-ақ 2023 жылға дейін отырғызылған ағаштардың саны 25 000-ға жетеді деп жоспарлануда. Олардың 2 мыңы – жеміс ағаштары.

Атырау қалалық тұрғын үй кешені, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 27,605 шақырым болатын 8 көшені қалпына келтіріп, кеңейту үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтті.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау

Денсаулық

Ақмола облысында денсаулық сақтау саласына заманауи технология кеңінен енгізілуде. Осының жарқын көріністерін облыстық көпбейінді ауруханадағы «Триаж» жүйесінен байқадық.

Бұл — денсаулық сақтау министрлігі тарапынан қолға алынған маңызды жобалардың бірі. Еліміз көлемінде іске асырыла бастаған баянды бастама көпбейінді облыстық аурухананың қабылдау бөлімшесіне арнаулы жоба ретінде енгізіліп, қазір тиімді жұмыс істеп жатқан жайы бар. Жаңа жүйенің жұмысын жетік меңгерту мақсатында бірқатар мамандар мен дәрігерлер шетелге арнайы оқуға жіберілді. Оған қоса, қабылдау бөлімшесінің жұмысын жаңғырту бағытында дабыл жүйесі орнатылды. Осы әдіс арқылы науқастарға қандай көмек керектігі дер кезінде анықталып, тиісті шара ұйымдастырылады. Мұның бәрі медициналық қызметтің сапасын көтереді.

Алдымен шұғыл түрде келген науқастарға зертхана арқылы сараптама жасалады. Сонымен бірге медициналық көмек, жоспарлы түрде түсетін науқастар, амбулаторияға, яғни емханаларға жіберілетін науқастарға көмек көрсету қарастырылады. Оларды стационарға жатқызбай-ақ ем-шаралар жасауға болады.

«Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Барлық дәрігерді компьютермен қамтамасыз еттік. Бізде медициналық құжаттың 100 пайызы электрондық нұсқаға енгізілген. Ауруханада тәулік бойына 700-ден астам науқасқа қызмет көрсетіледі. Бәрінің құжатын басшы ретінде мен жеке компьютеріммен қарап, бақылап отыруға мүмкіндігім бар. Қандай ем-шаралар жасалып, қандай диагноз қойылды, соның бәрі қадағаланады. Одан бөлек, іссапарда жүрген кезімде де жұмыс барысын смартфонымнан қарап отырамын. «ДамуМед» жүйесі тез қарқын алып келеді. Осы қысқа мерзімде ол өзінің тиімділігін анық көрсетті», — дейді облыстық көпбейінді аурухананың директоры Нұрлан Жаров.

2018 жылдың маусым айында облыстық төрт мекеме біріктіріліп, қайта құрылған еді. Бұрынғы Ақмола облыстық ауруханасы, облыстық онкология диспансері, облыстық перинаталдық

ULT SAYLYGY

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Нұрлан ЖАРОВ

ауруханада 775 төсек, оған қоса, 123 орындық күндізгі стационар бар. Қазір облыстағы ең үлкен медициналық мекеме санатында. Көпбейінді ауруханада 1558 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде 238 дәрігер,

680 орта медициналық қызметкер бар. Дәрігерлердің 80 пайызы санатты мамандар, оның 40 пайызы жоғары санатты. Оның ішінде хирургия, ортопедия, нейрохирургия, кардио және инсульт орталығы және басқа да бөлімше бар. Сонымен бірге 22 пароклиникалық бөлімшелер жұмыс істейді. Олардың арасында зертхана, физиотерапия, массаж, компьютер, эндоскопия қызметі көрсетіледі. Міне, осындай тоғыз сала бойынша жоғары медициналық-технологиялық қызмет көрсетілуде. Бұрын осындай қызмет ғылыми орталықта ғана көрсетілетін. Қазіргі бұл өзгеріс өмір тұрғындары үшін өте тиімді. Мұның бәрі техникалық прогресс және заманауи медициналық құрал-жабдықтарға, екіншіден, дәрігерлердің біліктілігімен тығыз байланысты.

Алайда бүгінгі күні анестезиолог-реаниматолог, акушер-гинеколог, кардиолог мамандары жетіспейді. Аурухананың материалдық-техникалық

базасына келетін болсақ, бұл саладағы жетістіктер жеткілікті. Жалпы, ұжымның әлеуеті өте жоғары. Ендігі мақсат — медицинаның сапасын көтеру, яғни облыс тұрғындарына сапалы медициналық-стационарлық қызмет көрсету. Сондықтан, жаңа технологияларды енгізу арқылы қызмет сапасын көтеруге жан-жақты көңіл бөлінуде. Ресей мамандарымен және кардиохирургия саласы бойынша Литва дәрігерлерімен көп жылдан бері тәжірибе алмасу ұйымдастырылады.

«Біздің көпбейінді облыстық ауруханада тоғыз мамандық бойынша жоғары медициналық-технологиялық қызмет көрсетілетіндігін жоғарыда айттым. Соған орай, жасалатын күрделі оталардың бірі — коронарлы артерия айналымын ретке келтіру. Ауруханада осындай 200-ден астам ауыр ота жасалады. Одан бөлек, жүрек клапандарына арналған оталар да — өте ауыр. Ал рентинальды және тамырлы хирургия — бұл отада жүрек тамырларына стент қойылады. Ол сан артериясынан басталып, жүрек тамырларына дейін, егер ол бітеліп қалса, инфаркқа әкеліп соқтырады. Сондықтан, тамырларды кеңейту үшін стент қояды. Ондай оталар өте жиі кездеседі. Жалпы, жыл сайын 2000-нан астам ота жасалады. Нейрохирургиядан да оталар жасай бастадық», — дейді бас дәрігер. — Имобилизация, нейрохирургиялық стентинг, ми тамырларына арналған ота, ортопедиядан буындарды ауыстыру оталары — жамбас буынының түйілуі, тізе буындары, артроскопиялық ота, офтальмологияға қатысты көп ота жасалады. Осының бәрі ақ халатты абзал жандардың еңбектерінің жемісі.

Біз облыс бойынша барлық медицина мекемелеріне ұйымдастырушылық-әдістемелік көп көмек көрсетеміз. Білікті бас мамандарымыз аудандарға арнайы іссапармен шығады. Аудандық дәрігерлер арасында оқыту жұмыстарын жүргізеді. Өткен жылдың өзінде аудандарда 18 іс-шара ұйымдастырылды. Оған қоса, телеконференция өткізіп, аудандық дәрігерлерге кеңес беріп отырамыз, яғни телемедицина арқылы консилиум жасаймыз. Сондай-ақ егер аудандық ауруханалардың мүмкіншіліктері шектеулі болса, ең ауыр науқастарды санавиация арқылы өзімізге алдырып, ота жасаймыз. Сондықтан, көпбейінді облыстық аурухана заманауи құрылғыларымен қамтылған деп айтуға толық негіз бар.

Аталған ұжымда жаңа технологиялардың жетістігі медициналық қызметтің сапасын

жақсартты. Емделуге келушілер де ақ халатты абзал жандардың адал еңбегіне риза.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Jas qazaq: Сіздің орталықта маман тәжірибесін арттыру, цифрландыру. Дәрі-дәрмекпен қамту жағы қаншалықты шешілген?

Бахрам Жұмаділлаев: Қазіргі таңда заманауи аппараттардың көмегімен,

гистологиялық, иммуногистохимиялық тәсілдермен науқастың диагнозы 100 пайыз толық анықталады деп айта аламын. Орталық қажетті құралдар және дәрі-дәрмекпен толық жабдықталған. Бүкіл зертханалық тексеру жүргізу, диагнозды толық анықтау құралдары бар. Сәйкесінше аурудың сатысына қарай ем қолданылады.

Jas qazaq: Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жүзеге асқанын білеміз. Маман ретінде медициналық сақтандыру туралы не айтасыз?

Бахрам Жұмаділлаев: Міндетті әлеуметтік сақтандыру денсаулық сақтау саласында халықтың әлеуметтік мүдделерін қорғаудың формасы деп санаймын. Біздің елде, әлемнің үздік тәжірибесін есепке ала отырып, медициналық сақтандырудың аралас моделі енгізілген. Бұл



«Триаж» жүйесі дегеніміз — сұрыптау. Қабылдау бөлімшесіне келген науқастар осы жүйеге байланысты үш топқа бөлінеді.

орталық және тері аурулары диспансері көпбейінді облыстық аурухана ретінде ұйымдастырылды. Қазіргі күні

«Халық денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі қойылған стратегиялық мақсаттардың негізінде осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2020 жылға дейінгі кезеңде медицина ғылымын дамытудың басым бағыттары айқындалатын болады. Отандық медицина ғылымын дамытудың бірінші кезекті міндеті – әлемдік озық стандарттар мен технологиялар трансфертінің негізінде әдіснамалық тәсілдерін жаңғырту. Осы мақсатпен отандық ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобалардың халықаралық интеграциясына баса назар аударылатын болады».

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)



Сұхбат

Елімізде қатерлі ісікке жылына 30 мыңнан астам адам шалдығады. Оның ішінде 550-600-ге жуығы 18 жасқа дейінгі балалар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпаратына жүгінсек, қазіргі кезде балалардың осы дерт салдарынан көз жұмуы кездейсоқ оқиғалардан кейінгі екінші орында тұр. Бүгінде елімізде қатерлі дертпен күрес қалай жүргізілуде? Денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған бағдарламалар қаншалықты жүзеге асты? Аурудың алдын алу шаралары қандай деңгейде? Осындай түйінді сауалдарға Алматыдағы «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы»

балалар онкологиясы бөлімінің меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғарғы санаттағы дәрігер Бахрам Мәлікайдарұлымен бірге жауап іздедік.

Бахрам ЖҰМАДІЛЛАЕВ:

ҚАТЕРЛІ ДЕРТКЕ ҚАРСЫ ТҰРАМЫЗ

жақсарту, науқастардың жазылуына барынша күш салуға баса назар аударылды. Бағытымыз балалар онкологиясы болғандықтан, олардың толық жазылып кетуі үшін мамандар тарапынан барлық жағдай жасалуда. Сондай-ақ диагностиканы жақсарту үшін «Еуропалық емдеу протоколын» енгіздік. Ең маңыздысы — қатерлі ісіктерді алғашқы сатыларында анықтау бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Ол үшін дәрігерлер әр аймаққа шығып, облыстық балалар ауруханасының мамандарымен кездесіп, балалар бойындағы онкологиялық дертті қалай ерте анықтау және қадағалау керектігін үйретеді. Дерттің түрлерін, оларды клиникалық көріністерін анықтауды, әрі қарай науқастың бағытын айқындау үшін онкологиялық клиникаға ертерек келу жолын түсіндіреді. Ата-аналарға да балаларының денсаулығына аса мән беру қажеттігі ескертіледі.

Jas qazaq: Қатерлі ісікке шалдыққан балалардың дертін дер кезінде анықтау, жедел көмек көрсету қызметі қаншалықты жолға қойылған?

Бахрам Жұмаділлаев: Ең алдымен балаларда онкологияны ерте анықтау бойынша әр аймақпен байланыс орнатылған. Еліміздің батыс өңірі және орталық өңірі Нұр-Сұлтан қаласына қараса, өзге аймақтар Алматы қаласына келіп емделеді. Науқастың толық жазылып кетуі, дертінің алғашқы сатыда анықталуымен тікелей байланысты. Қатерлі дерттегі негізгі мәселе — ісікті ерте анықтау. Бала бойында болатын қандай



пайызға жетеді. Ал 3-4 сатыда ауруды емдеудің нәтижесі де едәуір төмен және қолданылатын қаражаттың мөлшері де 6-10 немесе одан да артық болады. Балалардағы қатерлі ісіктер ісікке қарсы дәрімен емдеу (*химиотерапия*), ісікті оталау және сәулемен емдеу тәсілдерімен жасалынады. Біздің елде балалардағы қатерлі ісіктерді анықтау және емдеу Еуропалық ем тәсілдеріне сәйкес жүзеге асады.

денсаулық сақтаудың қаржылық тұрақтылығын және медициналық қызметтер сапасының жоғары деңгейін және қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік маңызды ауруларға және шұғыл жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек тегін көрсетіледі. Мемлекет оған кепілдік береді.

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА



Jas qazaq: Бахрам Мәлікайдарұлы, балалар арасында кездесетін қатерлі ісік ауруының денгейі қандай?

Бахрам Жұмаділлаев: Статистикалық анықтамаларға сүйенсек, жыл сайын балалар арасындағы қатерлі ісік елімізде жүз мың балаға шаққанда 10-12 балада кездеседі. Денсаулық сақтау министрлігі онкологиялық ауруға шалдыққан ұл-қыздардың мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Балалар онкологиясы орталықтарында науқас балалар тегін ем алады. Мемлекет қажетті құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі кезде Педиатрия орталығында балаларда кездесетін қатерлі ісіктің барлық түріне емдеу жүргізіледі. Соңғы 25 жыл ішінде балаларға онкогематологиялық көмек беру мүмкіндігі әлемдік емдеу деңгейіне дейін жетті. Орталық мамандары алыс және жақын шетелдерде тағалымдамадан өтіп тұрады. Дертті ерте анықтау әлдеқайда жақсарды.

Jas qazaq: 2016-2019 жылдарға арналған Денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған «Денсаулық» бағдарламасы аясында бүгінгі күнде жүйін қандай шаралар атқарылды?

Бахрам Жұмаділлаев: Денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған бағдарлама аясында әрбір медицина орталығында жұмысты

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында Алматы облысында «Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті жаһандық өлемге ілгерілету» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Алқалы басқосуды мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Рухани жаңғыру» орталық жобалық кеңсесі облыстық ішкі саясат басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды.

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрда өткен салтанатты жиында облыс әкімінің оринбасары Ләззат Тұрлашов тарихи маңызы бар жобаның артықшылықтарына тоқталды. Ол өз сөзінде: «Конференция барысында негізгі үрдістер мен әлемдегі мәдени, көркем әдеби орындаушылық өнердің үздік үлгісін танымал студия өлемдік тәжірибесі талқыланады. Сонымен қатар аймақтық мәдениет ұйымдарының имиджін нығайту мәселесі қарастырылады. Осы арқылы өлемдік ынтымақтастық пен береке-бірлікті сақтай отырып, ел өркениетін дамытуға жол ашылады.

Қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын ауқымды жобаның басты мақсаты — көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп

бойынша этностардың дәстүрін дәріптеп, рухын көтеретін шаралар бастау алды. «Жетісу өңірінің халық және халық композиторлары әндерінің антологиясы» мен «Мәдени ескерткіштер энциклопедиясы» жарыққа шықты. Жастар жылына орай «Менің Қазақстаным: Студенттік көктем — 2019» облыстық студент-жастар фестивалі, «Отаным — Атамекенім!» патриоттық әндер байқауы, «Ұшқыр ойлы Жетісулық жастар» пікір-сайыс турнирі, «Жайдарлы жастар» жайдарман ойындары, «Спорт — өмір көркі» шағын футбол байқауы ұйымдастырылды. «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламасы аясында 24 мамыр күні облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастырумен «Мерейлі

Болашақ. Білім әлемдік мәдени кеңістікте аумақ интеграциясының векторы ретінде», «Мәдени урбанистика — креативті-мәдени кластерлер фестивалдары арқылы қалалардың жаңа келбеті» деп аталатын бес секциялық жұмыс бойынша өрбді. Конференцияда халықаралық спикерлер ретінде Сорбонна университетінің профессоры, Халықаралық ғылым және



өнер институтының директоры, «Plastik Art & Science» Сорбонна баспа бағдарламасының директоры Ольга Киселева (Франция) негізгі баяндама жасады. Ол: «Біз әлемдік заманауи өнерге әлі кіріге қоймаған елдермен жұмыс істейміз. Бұған дейін Қытай, Жаңа Зеландия, Корея, Украина сынды елдерде әлемге танылған мәдени жобаларды жүзеге асыруға атсалыстық. Көркемдік жобаларымыздың ішінде Қытайда алғаш рет жүзеге асқан коммуникациялар мен Украинадағы холокостқа арналған үлкен ескерткішті атап өтуге болады», — дей келе, 2012 жылдан бері жасап келе жатқан «Алма» жобасы туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Жоба апорт түрін көркем, тарихи және биологиялық зерттеуден тұрады. Ол бірқатар маңызды мәселелерді көтеріп, табиғатты қорғауға бірыңғай

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

жатқан заман ауанына тез бейімделу ғана емес, қазақстандық мәдениетті оның барлық қайталанбас идея, құндылық, дәстүрлерімен заманауи жаһандық әлемде ілгерілету. 100-ден астам этнос өкілдерінің басын қосып, мақсатын бір арнаға тоғыстырған Жетісу жерінде өткен І халықаралық ғылыми-практикалық конференция осы мәселеге арналды. Жиынға Франция, Польша, Армения, Беларусь республикасының ғылыми және мәдени қауымдастығы өкілдерінің қатысуы екі жыл ішінде еліміздің қана емес, әлемдік қауымдастықтың дамуына да үлес қосқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының пәрменділігі мен өміршендігін айғақтап отыр», — деді.

Ежелгі грек философия Аристотельдің сөзімен айтсақ, адам — әлеуметтік жаратылыс. Бүгінгі күні бұл ұғым аксиомаға айналды десек қателеспейміз. Қоғамда өмір сүру, өзге адамдармен қарым-қатынас арқылы және ғасырлар бойы жинақталған білім мен тәжірибе негізінде адам тұлғаға айналады. Бұл ретте бүгінгі үздіксіз қарқынды қозғалыс заманында жүріп өткен жолына қайырыла қарап, түп-тамырына, ұлттық құндылықтарына тереңнен үніліп отырған жөн.

«Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз — ұлттық аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттық табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар өркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар — ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы».

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)



«Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған қоғамдық сананы жаңғырту ұғымы осыны мензегені анық. Қоғамдық сананың жаңғыруы — ел мен ел, ұлт пен ұлт, этнос пен этнос арасындағы береке-бірлікке жол салып, болашақ дамудың бағыттарын айқындап беруімен де күнделі.

Жалпы облыс бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы бағытта бірегей алты әлеуметтік жоба жұмыс істеуде. Оған «Батыр бабалар» мемориалдық кешені, Тұңғыш Президентке арналған «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы, «Орбұлақ» мемориалдық кешені мен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайдың ашылуы жатады. Бұл нысандар өңіріміздің тарихындағы татулық пен ерлікті насихаттайды. Сондықтан алдағы уақытта да осы мақсат аясында жұмыс істей беретін болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған міндеттерді іске асыру мақсатында ағымдағы жылы 585 іс-шара мен жоба жоспарланған. Қазіргі таңда оның 270-тен астамы орындалды. Атап айтқанда, «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша өткен тарихымыздағы ұлы тұлғалардың шығармаларын насихаттау, ұлылар поэзиясына, рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру мақсат етілсе, «Рухани қазына» кіші бағдарламасы

отбасы» байқауы алтыншы рет өтті. «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасы бойынша 75 жоба жоспарланып, қазіргі таңда 7 жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар «Ұлы NOMAD», «Ұлт пен рух», «Тарих парактары», «Ғибратты қазына» телебағдарламаларында тақырыптық сұхбаттар ұйымдастырылуда. Сәуір айынан бастап «Латын әліпбиінің өзіндік ерекшеліктері» онлайн-сабақ жобасы басталды.

Конференцияда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған барлық жұмыстар кенінен сөз болды. Шетелдік қонақтар үшін этнокөрме ұйымдастырылды. Онда қазақ халқының дәстүрлері таныстырылды. Олар алтыбақан теуіп, асық ату, тенге ілу және басқа да ұлттық ойын ойнап, түрлі этнос өкілдерімен бірге ән салып, би билеп, еліміздегі ұлтаралық татулықты сақтаудың озық үлгісіне тәнті болды.

Пленарлық отырыс барысында Айгүл Мукей, сондай-ақ тақырыптық секциялар мен воркшоптар кезінде халықаралық сарапшылар мен іс-шараға қатысушылар тәжірибе бөлісіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі нәтижелерін жария етті. Ал конференция «Мәдени интеграция және мәдени диалог қоғамның тұрақты даму стратегиясы ретінде», «Заманауи мәдениетті қалыптастыру мен дамытудағы мемлекеттің рөлі», «Жобалық басқару мәдениетті ілгерілету факторы ретінде», «Ежелгі

көзқарасты бекемдейді. Алма тұқымын қорғау және өсіру әдістерін зерттеу, бақылау, басымдықтарын анықтау жобаның негізгі бағыты болып табылады. «Қазақстанның алма мен қызғалдақ мекені екендігі шетелдік ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырды. Бұл өз кезегінде әлем елдері арасындағы заманауи халықаралық мәдени ынтымақтастықтың бағыты болып табылады. Сондықтан біз осында жиналып отырмыз. Мен Жетісуда жүргеніме өте қуаныштымын, өйткені сіздер жасап жатқан олар «Алманың отаны», — деп атап өтті Ольга Киселева.

Франциядан келген мәдениет және ғылыми коммуникация саласындағы консультант Касперски Гийом «Мәдениет саясатын қалыптастырудың Француз үлгісі бар ма?» деген сұраққа тоқтала келіп: «Біз үшін ең бастысы — тәжірибе алмасу. Қазақстан жайлы көбірек білу, атап айтқанда, біздің мәдениет танудағы ойымызды кеңейтеді. Біз өз тарапымыздан мәдениетті қалыптастыру үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып бере аламыз. Француз контекстінде мәдениеттің ойын-сауық функциясы жоқ, өнер арқылы жаңа мүмкіндіктер жасауға ұмтылу бар екені түсінікті. Өйткені, ұлттар арасындағы мәдени ынтымақ қоғамда және әлемде болып жатқан оқиғаларды ұғынуға көмектеседі. Театр, өнер және анимациялық кино саласындағы мысалдар арқылы біз «француздық ерекшелік» негізіне әлемдік өркениетке қорытынды жасауға тырысамыз. Десе де, Қазақстандағы көпұлтты мәдениеттің өркендеуі біздің кейбір ойымызды өзіне баурап алды. Өйткені, әлемдік мәдениеттің дамуы үшін бір өңірде жасап жатқан сан ұлттың мәдени байлығын өзара жақындата алу керек. Бұл тәжірибе өзге елдерге қарағанда Қазақстанда алға озық тұр. Әлем елдері бұл жетістіктен үлгі алуы керек?», — деп атап өтті.

Халықаралық «HIGHFEST» орындаушылық өнер фестивалінің президенті, Метрополитан Лондон университетінің профессоры, доктор, Ереван мемлекеттік театр және кино институтының «Арт-менеджмент және мәдени саясат» кафедрасының меңгерушісі, мәдениет қайраткері Артур Гукасянды (Армения) қазақ халқының төл мәдениеті мен ұлттық ойындары қатты қызықтыратын болып шықты. Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, Германиядағы МАГО білім беруді ізгілендіру халықаралық академиясының толық мүшесі Ирина Малахова (Беларусь) бүгінгі әлем өркениетіндегі ынтымақтастық мәселесін тілге тиек етсе, драматург, театр сыншысы, «Thaetr — Dialogue» фестивалінің арт-директоры, «Nova Scena» кластерінің негізін қалаушы және директоры Томаш Киренчук (Польша) өнер саласындағы жетістіктерді өркендетудің әлемдік үлгісімен таныстырды.

Сондай-ақ қатысушылар арасында еліміздің қоғамдық және ғылыми-зерттеу ұйымдарының, шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның өкілдері, Президент әкімшілігінің, министрліктердің, «Рухани жаңғыру» орталық және аймақтық жобалау кеңселерінің жауапты қызметкерлері қазақ халқы мәдениетінің түрлі аспектілерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді деген тоқтамға келді.

Қажет АНДАС, Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Шаһар тынысы

АЛЫП ШАҺАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сай Алматы қаласында ұлан-ғайыр жұмыс жүргізіліп келеді. 2017-2018 жылдарға арналған тұрғын үй және азаматтық нысандарды түрлендіру жобаларын жүзеге асыру жұмыстары биыл да жалғасты. Барлық жоба қала сәулетіне сәйкес, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге ыңғайлы жасалып, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Осы орайда Алатау етегіндегі алып шаһарда іске асқан игілікті шараларды Алматы қалалық жоспарлау және урбанизация басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджановтан сұрап білдік.

Қала аумағы үлкен. Сондықтан көшелерді көріктендіру мен жөндеу жұмыстарын орталықтан бастадық. Себебі мұнда халық жиі шоғырланған және олардың тұрмыс-тіршілігіне жан-жақты көңіл бөлуді ұйғардық. Айталық, осыған дейін жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар мен халық жиі шоғырланатын аумақтарды қайта құру үшін қаланың тарихи орталығы — Панфилов, Жібек жолы, Гоголь, Қабанбай батыр, Төлебаев, Байсейітов көшелері мен Астана алаңын түрлендіруге ерекше көңіл бөлінді.

Былтыр жаяу жүргіншілер аймағын құруды жалғастыру бойынша Абай даңғылын Достық даңғылынан бастап Есентай өзеніне дейін ұзындығы 3,1 шақырым аймақ көріктендірілді. Көшенің осы бөлігінде 26 үйдің қасбеті боялды. 111 нысанның кіреберіс алаңдары қайтадан жаңартылды. Төселген тас төсемдері түгел отандық өнім. 300-ден астам энергия үнемдейтін жарық шамдары, орындықтар мен коқыс жәшіктері, спорт алаңдары жабдықталды. Жанадан 4 субұрқак салынып, 1 субұрқак қайтадан қалпына келтірілді.

Абылай хан даңғылы Абай даңғылынан бастап Алматы — 2 теміржол бекетіне дейінгі 3,5 шақырым аумақ жөнделді. Тас төсем — жергілікті өнім. 300-ден астам энергия үнемдейтін жарық шамы, орындықтар мен коқыс жәшіктері қойылды. 5 жана су бұрқак салынды.

Бұрынғыға қарағанда көптеген түйінді мәселелер онтайлы шешілгенін атап өткеніміз жөн. Биыл 3 көшені абаттандыру жоспарланып отыр. Мәселен, Достық даңғылында Құрманғазы көшесінен Қазыбек би көшесіне дейінгі Б бөлігі, Байсейітова көшесі — Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін, Жібек жолы көшесі — Сейфуллин даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейін жаңғыртылады. Достық даңғылы бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілген аумаққа 256 орындық, 256 коқыс жәшігі, 495 аспалы шам, 137 көше шамын орнату жоспарланған. Осы жерде алматылықтар «Қайта құру және жаңғырту жұмыстары неге қаланың орталығында ғана жүзеге асып жатыр?» деген сұрақты жиі қояды екен. Осыған байланысты бізге жауап берген басқарма басшысы Алмасхан Ахмеджанов: «Біздер әуелі қаланың орталығын реттеп жатырмыз, одан кейін шеткі аймақтарға ауысамыз. Одан әрі қаланың шетіне де жетеміз. Қалай десек те, Алатау етегіндегі алып қаланы жылдан-жылға көркейтіп, жергілікті тұрғындар мен қонақтар үшін тартымды ету — басты жоспарымыз. Осыған байланысты жұртшылық бізді дұрыс түсініп, қайта жұмысымызға қолдау білдірсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ең бастысы — қала тазалығы. Сондықтан кез келген азамат тұған қаласын таза ұстауға атсалысқаны жөн», — деді.

Бас жоспардың негізгі міндеттерінің бірі — адамдарға қолайлы болу үшін ыңғайлы аймақтарды бірінші кезекте жөндеу. Бас жоспардың жобасында адамдар үшін жайлы кеңістікті қалыптастырудың жалпы қағидаттары бекітілген. Барлық жұмыс соған сай қолға алынуда.

Достық даңғылындағы Жамбыл алаңында және Алматы мемлекеттік университетінің ғимараты алдында 4х9 м мөлшерінде төртбұрышты 2 субұрқак орнатылады. Олар жазық гранит такталарымен жабылған. Сонымен бірге Жамбыл алаңында

«Алматы – агломерациялық орталық ретінде белсенді қалыптасып келе жатқан елдің ең ірі мегаполисі. Алматы қаласы ұлттық және әлемдік нарықтармен байланысты қамтамасыз ететін адами, қаржылық ресурстардың, білім беру және ғылыми әлеуеттің, дамыған инфрақұрылымның жоғары шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта Алматы қаласының қала маңындағы аймағын дамыту Алматы қаласының қала маңындағы аймағы аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың қабылданған кешенді схемасы шеңберінде жүзеге асырылады».

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

қолданыстағы субұрқакты қайта қалпына келтіру көзделген.

Жоба бойынша Достық даңғылының Жамбыл және Шевченко көшелерімен қиылысында балаларға лайықталған екі ойын алаңын салу қарастырылған. Айтпақшы, Достық даңғылын қалпына келтіру (Құрманғазы көшесінен Қазыбек би көшесіне дейін) даниялық сәулетші Ян Гейлдің «Адамдарға арналған қала» тұжырымдамасын іске асыру аясында жүргізілуде. Алматыда тарихи орталықтың сәулеттік көрінісін жаңғырту және жетілдіру бойынша жұмыстар қатарынан үшінші жыл іске асуда.

Ендігі кезекте Жібек жолы көшесі бойынша жаяу жүргіншілер аймағының (Панфилов көшесі сияқты) жалғасы болып саналатын бульварды қалыптастыру жоспарланған. Осылайша қала орталығы баршаны қызықтыра түседі. Орталық көшелерді қайта құруда ескерілген шешімдер өте сәтті жүзеге асуда. Бәрі де бірыңғай жобаланған, көше бөліктерінің сәулеттік шешімі бірыңғай үлгіде жоспарланған.

Тұрғын үй құрылысы — қала экономикасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бірақ сол баспаналардың сырт келбеті ғана емес, ауласының көрікті болуына да баса назар аударылуда. Сондықтан жасыл желек отырғызу, гүлзарлар жасау, балалар үшін ойын алаңдарын салу жалғаса береді.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ



Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген маңызды жобаның бірі – «Қазақстанның 100 жаңа есімі». Аталған жобаның екінші кезеңі 2018 жылдың аяғында өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталғаны белгілі.



Алдымен «100 жаңа оқулық» жобасының жалпы талаптарымен таныстырайын. Оқулықтарды іріктеу үшін жоғары оқу орындары мен гуманитарлық бағыттағы ғылыми орталықтардан жалпы саны 800-ден аса аударылуы қажет деген оқулыққа ұсыныс келіп түсті. Ал сала мамандарынан құралған жұмыс тобы аударылатын оқулықтарға қойылатын талаптарды анықтады. Олар:

Оқулық кемінде 3

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің рухани өміріне жаңалық әкелгені белгілі. Мақалада аталған алты жобаның бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Бұл жобаны «Ұлттық аударма бюросы» сәтті іске асыруда. Бастама барлық оқу орындары, оқытушылары мен студенттеріне әлемнің ең озық ғылым мен білім орталықтарының алтын қорын ашып берді. Бюроның үйлестіруімен іске асып жатқан ауқымды ғылыми аударма жұмысы қазақ тілінде жаңа оқулықтар дайындап, жоғарғы мектеп мазмұнын түбегейлі түрде жаңартумен қатар қазақ аударма мектебінің күшейіп, соның ішінде бүгін сөз болып отырған терминология мәселелерін нақты, практикалық тұрғыдан қарауға негіз болды.

басылыммен еліміздегі 112 жоғары оқу орнына тегін таратылды. Оқулықтардың электронды нұсқалары интернет арқылы еркін қолданысқа берілді. Жаңа оқулықтардың мазмұны мен құрылымы, аударма сапасы, жаңа

Құнды қазына



басылымнан өтуі тиіс, яғни өзіне деген сұранысты растауы қажет; Соңғы басылымы кейінгі 3 жылдан кеш болмау, яғни мазмұны ескірмеген, өзектілігі жоғары болуы шарт; Оқулық дүние жүзіндегі маңдайалды 100 университеттің оқу бағдарламасында болуы қажет; Кітаптың құрылымы мен мазмұны идеялық тұрғыдан бейтарап, яғни білгілі бір ұстанымдар мен тұжырымдарды ғана насихаттамауы тиіс. Оқулық ғылым саласына жалпы шолу жасайтын, болашақ маманды ғылым саласындағы барлық идеялар мен ұстанымдар спектрімен таныстыруы тиіс. Сонымен бірге, оқулық заманға лайық болуы, яғни тек кітап түрінде емес, ақпараттық технологиялар негізінде, интерактивті форматта оқып-үйренуге мүмкіндік беретін жана үлгідегі қосымшалармен бірге жүруі талап ретінде қойылды.

Осындай талаптар негізінде жоба қолға алынған екі жылдың ішінде философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану мен антропология, дінтану және тіл білімі, экономика мен кәсіпкерлік салаларын қамтитын 48 оқулық аударылып, баспаға әзірленді. Аударма жұмысына ұлттық университеттер және салалық оқу орындары, гуманитарлық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталықтары кеңінен тартылды. Аударманы мейлінше сапалы шығару үшін алғашқы мәтінді дайындауға жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғылыми редакция жасауға белгілі ғалымдары, әдеби редакцияға танымал тілшілер мен баспагерлер шақырылды. Қазір бұл жұмысқа жалпы саны 300-ге тарта маман қатысууда.

Аударма тілін мейлінше ұғынықты, әрі жатық ету мақсатында барлық мамандарға ортақ аударма ережелері мен ұстанымдары дайындалып, бекітілді. Олар: жаңа ұғымдар мен терминдерді халықаралық ғылыми және кәсіби лексикадан кен тарту; Терминдердің өзге тілдегі түбірін аудару арқылы жаңа ұғым жасауға сәк болу; Мұздың нұқсан келтірмей, грамматикалық құрылымдарды мейлінше жеңілдету; Мазмұнды жерсіндіру, яғни мысалдар мен кейстерді, суреттер мен кескіндерді барынша қазақстандық баламалармен алмастыру.

Осы негізде қазірдің өзінде жоба сөздігіне 3 мыңға тарта ғылыми термин, ұғым мен түсінік жинақталды. Олардың бірсыпырасы бұрынғы қолданыс үлгісінен өзгеріп, енді бір бөлігі қазақ тіліндегі баламасы алғаш рет берілген жаңа сөздер. Сондықтан, бұл жоба тек жаңа білім мен жаңа мазмұнға ғана жол ашып қоймай, сонымен қатар жаңа ұғымдар мен түсініктер арқылы тілімізді жаңартып, оның ғылыми әлеуетін кеңейтті. Өткен жылы осы жоба шеңберінде аударылып, басылған алғашқы 18 оқулықты көпшілікке таныстырдық. Содан бері оның әрқайсысы 10 мың дана

ғылыми ұғымдар мен терминдердің қолданысы, оларды отандық жоғары мектеп бағдарламасы мен ғылыми айналымға енгізу мәселелері академиялық және университеттік ортада кеңінен талқыланды. Оқулықтарды таныстыру, талқылау шаралары еліміздің барлық аймақтарында өтті. Ғалымдар мен оқытушылар «100 жаңа оқулық» жобасы еліміздегі жоғары гуманитарлық білімнің мазмұнын түбегейлі түрде өзгертіп, оны ілгері халықаралық деңгейге шығаруға жол ашқандығын бір ауыздан айтты. Аударылған оқулықтар биылғы оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарының бағдарламаларына еніп, кең қолданыла бастады. Жаңа оқулықтарға деген жоғары сұраныс пен қоғамдағы қызығушылықты ескере отырып, еліміздегі ірі кітап дүкендері арқылы тарату үшін қосымша басылым шығару қолға алынды. Оқулық аудару аясында жинақталған тәжірибені қорытып, ғылыми аудармаға қажетті, сондай-ақ ғылыми лексиканы жүйелеп нормалауға қажетті сөздіктер дайындау қолға алынды. Бұл бағытта сөздік дайындау тәжірибесі аса мол Оксфорд университетінің баспасымен бірлесіп жұмыс істеуге келістік. Атап айтсақ: Оксфорд белгісімен үлкен қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ сөздігі, сондай-ақ қоғамдық және әлеуметтік ғылымдардың түсіндірме сөздігі, экономикалық түсіндірме сөздік және қазақ тілінің кірме ұғымдар сөздіктерін дайындау жүріп жатыр. Бұл жұмысқа Шерубай Құрманбайұлы және Танат Аяпова секілді тәжірибелі де белгілі ғалымдармен қатар, Бағлан Мизамхан, Мұхтар Сенгірбай, Әсем Қалиева секілді жас ғалымдар да атсалысууда.

Рауан КЕНЖЕХАНҰЛЫ,
Ұлттық аударма бюросының
атқарушы директоры

Жасампаз жоба жеңімпазының бірі – 29 жастағы дарынды математик Асан Жолдасов. Ол «Пифагор» қосымша білім беру мектебінің негізін қалаған. Бұл білім шаңырағында оқығандар бүгінде математика пәні бойынша халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындар алып жүр.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына Асан Жолдасов туралы мәліметтерді «Пифагор» мектебі оқушыларының ата-аналары жіберіпті. Жастайынан білімге құштар жігіт қазіргі таңда жас буынды математикаға баулып, осы бағытта жоғарғы биіктерді бағындыруға жол салып жүр. Өзге пәндерден гөрі математиканы сүйіп оқыған Асан бала күнінде алғашқы олимпиада жарыстарында жолы болмапты. Ол: «Женгенімнен жеңілгенім көп болды», — дейді.

Жәутікөв атындағы республикалық физика-математика мектебіне бірден түсе алмай, кейін олимпиада жеңімпазы болып оқуға қабылданады. Кейін ол бірнеше халықаралық олимпиадалар мен жарыстардың алтын, күміс жүлдегері атанады.



Асан ЖОЛДАСОВ:

Білім арқылы әлемге таныламыз

Асанның айтуынша, «Пифагор» мектебін ашқан кезде, ол 19 жаста болған. «Менің жастық максималистік мінезім өз өмірімде болған қиыншылықтарды жеңуге үйретті. Сол кедергілерді жеңе білуді балаларға да үйреткім келді. Мақсатым — білім арқылы, білім беру арқылы елімізді танымал ету. Балаларға қандай да бір кедергіден сүрінбей өтуді үйрету. Білім арқылы биікке жетелеу», — дейді.

Асан — IT-саласының маманы. Бірақ ол ұстаз болуды таңдапты. Жас математиктің есебі бойынша, ол бір сағатта жүздеген баланың өмірге деген көзқарасын өзгертіп, жеңіске жетуіне ықпал ете алады. Асан мектеп партасынан бастап олимпиадалық математика негіздерін үйреніп, бұл салада оқушы кезінде-ақ елеулі жетістіктерге жеткен. 2006 жылы Республикалық физика-математика мектебін бітірген соң, КБТУ-дың ақпараттық технологиялар факультетіне оқуға түседі. Сонымен бірге, ешқандай инвесторсыз «Пифагор» қосымша білім беру мектебін ашады. Ол Алматы мен Астанада білім беруді белсенді дамытты. Бұдан бөлек, Асан Жолдасов университеттегі оқуын бітіріп, бакалавр және магистр дәрежесін алады. Кейін өзінің альма-матері қабырғасында компьютерлік инженерия кафедрасында дәріс оқиды.

Білім беруден бөлек, Асан «Ferum Logic» стартапын құруға қатысып, өзі Аналар үйін салған. Қазір Асан Жолдасов өмірін білім берумен байланыстыруды шешкен көптеген жастарға табысты болудың үлгісі болып табылады.

Ол «Пифагор» компаниялар тобының бас директоры. Қоғамның болашақ зияткер буыны болатын өскелең ұрпақты оқытумен айналысатын мектеп басшысы. «Пифагор» мектебі еліміздің білім нарығында 2008 жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді. 11 жылдан бері мыңнан аса баланы оқытқан орталықтың нәтижесі жаман емес. Олардың басым бөлігі республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы. Қазіргі таңда еліміздің үш қаласында Асанның 7 офісі бар. Барлық қала бойынша орталықта 136 адам жұмыс істейді және жұмыс орнының саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Білімді жас ұрпаққа үйретіп жүрген жас маман «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы атанғаннан кейін өзіне жүктелген жауапкершіліктің артқанын алға тартты. Ол: «Біздің елімізде математика саласына қызығушылық танытып, осы салада белгілі бір жетістіктерге қол жеткізгісі келетін жас ұрпақ өсіп келеді. Білгенімді үйретіп, шәкірттерді тек биіктен көргім келеді. Өзіме жүктелген сенімді ақтап, болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына өз үлесімді қосқым келеді», — дейді.

«100 жаңа есім» жобасы арқылы Асан сынды жастардың еңбегі бағаланып, дарындарымыз елімізді әлемге танытатын анық.

«Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр».

(Елбасы Н.Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани
жаңғыру атты мақаласынан)

Дайындаған Ботакөз ҚАЛЫҚБАЙ

ВНИМАНИЕ ПОПРАВКА!

АО «КазТрансОйл» сообщает, в объявлении от 14 июня 2019 года №24 (752) на странице 6, читать абзац 6 в новой редакции «Тендерные предложения участников тендера принимаются не позднее 18-00 часов 25 июня 2019 года по адресу: г. Астана, проспект Тұран, здание 20, нежилое помещение 12, кабинет 415».

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«КазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы 14 маусымдағы №24 (752) хабарлануда 6-беттегі 6-тармақ «Тендерге қатысатын жеткізушілердің тендерлік ұсыныстары 2019 жылғы 25 маусымдағы сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-қаб» деген жаңа редакцияда оқылады деп хабарлайды.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2170; Бағасы келісім бойынша Апталық таралымы — 8 000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г қуәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.			